

2006 жылғы 5 мамырда Астана қаласында "Қазақстан жаһандық экономикада: проблемалар, мүмкіндіктер және алға жылжу жолдары" атты халықаралық конференцияны дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 3 мамырдағы N 115-ө
Өкімі

2006 жылғы 5 мамырда Астана қаласында "Қазақстан жаһандық экономикада: проблемалар, мүмкіндіктер және алға жылжу жолдары" атты халықаралық конференцияны тиімді дайындауды қамтамасыз ету және өткізу мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған 2006 жылғы 5 мамырда Астана қаласында "Қазақстан жаһандық экономикада: проблемалар, мүмкіндіктер және алға жылжу жолдары" атты халықаралық конференцияны дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары мен мүдделі ұйымдары Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөніндегі шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамымен бірлесіп, Жоспардың тиісті тармақтарында көзделген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Жоспардың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2006 жылғы 3 мамырдағы
N 115 - ө өкімімен

бекітілген

2006 жылғы 5 мамырда Астана қаласында»"Қазақстан жаһандық экономикада: проблемалар, мүмкіндіктер және алға жылжу жолдары" атты халықаралық конференцияны дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с N№	Іс-шара	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2		4

		3	
1	"Қазақстан жаһандық экономикада: проблемалар, мүмкіндіктер және алға жылжу жолдары" атты халықаралық конференцияға (бұдан әрі - конференция) қатысушылардың құрамын қалыптастыру	3 мамырға дейін	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
2	Конференцияға қатысушыларды шақыру	3 мамырға дейін	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
3	Конференцияны өткізу үшін "Okap Intercontinental" қонақ үйінде залды брондау және оған ақы төлеу	3 мамырға дейін	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамы
4	Астана қаласының қонақ үйлерінде конференцияға шетелдік қатысушыларды орналастыру орындарын брондау және оған ақы төлеу	3 мамырға дейін	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамы
5	Конференцияға қатысу үшін шетелдік консультанттарды тарту	3 мамырға дейін	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамы
6	Конференцияның баспасөз релизін дайындау, баспасөзді шақыру	3 мамырға дейін	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
7	Конференцияның негізгі баяндамашылары тезистерінің жобаларын дайындау	3 мамырға дейін	Негізгі баяндамашылар, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
8	Конференцияға бейне- және тарату материалдарын дайындау	3 мамырға дейін	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамы, "Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокешені" коммерциялық емес акционерлік қоғамы
9	Конференцияға шетелдік қатысушыларды әуежайда қарсы алу және Астана қаласының қонақ үйлеріне орналастыру	4 мамыр	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамы
10	Бағдарламаға сәйкес конференцияны өткізу	5 мамыр	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдары, "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамы
11	Конференция үзілістерінде кофе-брейктер, түскі ас және ол аяқталғаннан кейін кешкі ас ұйымдастыру	5 мамыр	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамы
12		6 мамыр	

Астана қаласы бойынша экскурсияны, конференцияға шетелдік қатысушыларды шығарып салуды ұйымдастыру және өткізу	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамы
--	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК